## 2007 жылғы 1 мамырдағы банктік емес сектордың ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

| № | Ұйымның атауы | 01.01.2007 | 01. 05.2007 |
|---|---|---|---|
| 1 | Ипотекалық ұйымдар | 10 | 10 |
| 2 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар | 16 | 16 |
| | **Жиынтығы Итого** | **26** | **26** |

**Ипотекалық ұйымдар**

**Активтер.** 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 31 368,0 млн. теңгеге немесе 24,8 %-ға өсіп, 157 922,3 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 81,5% (128 635,3 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 4,9% (7 804,1 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.2007 | | 01.05.2007 | | Өсімі (%-бен) |
|---|---|---|---|---|---|
| | млн. тенге | %-бен жиынтығы | млн. тенге | %-бен жиынтығы | |
| Ақша | 115,3 | 0,1 | 70,5 | 0,04 | -38,9 |
| Корреспенденттік шоттар | 1 634,6 | 1,3 | 7 804,1 | 4,9 | в 4,8 раза |
| Бағалы қағаздар | 12 783,3 | 10,1 | 1 782,9 | 1,1 | -86,1 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 2 550,0 | 2,0 | 4 915,4 | 3,1 | 92,8 |
| «Кері РЕПО» операциясы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 |
| Клиенттерге берілген заемдар | 103 472,4 | 81,7 | 128 635,3 | 81,5 | 24,3 |
| Капиталға инвестиция және реттелген борыштар | 2 752,6 | 2,2 | 0,0 | 0,0 | -100,0 |
| Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер | 1 007,5 | 0,8 | 1 564,4 | 1,0 | 55,3 |
| Басқа активтер | 2 238,60 | 1,8 | 13 149,7 | 8,36 | в 5,8 раза |
| **Барлығы активтер** | **126 554,3** | **100** | **157 922,3** | **100** | 24,8 |

салымдарға 3,1% (4 915,4 млн. теңге) келіп отыр.

**Кредиттік портфель.** 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 23,2%-ға өсіп, 128 638,3 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 91,6%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 8,1%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі 0,3%-ға дейін өсті.

| Несие портфелі сапасының | 01.01.2007 | 01.05.2007 |
|---|---|---|

| | негізгі борыш сомасы, млн. теңге сумма осн. долга, млн. тенге | жиынтығына % -бен в % к итогу | негізгі борыш сомасы, млн. теңге сумма осн. долга, млн. тенге | жиынтығына % -бен в % к итогу |
|---|---|---|---|---|
| **Несие портфелі барлығы** | **104 432,9** | **100** | **128 638,3** | **100** |
| **Стандартты** | **97 922,0** | **93,8** | **117 868,5** | **91,6** |
| **Күмәнді** | **6 317,0** | **6,0** | **10 421,2** | **8,1** |
| ***1 санатты күмәнді* – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде** | 4 797,5 | 4,6 | 6 732,5 | 5,2 |
| ***2 санатты күмәнді* – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде** | 762,2 | 0,7 | 1 711,0 | 1,3 |
| ***3 санатты күмәнді* – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде** | 424,9 | 0,4 | 641,7 | 0,5 |
| ***4 санатты күмәнді* - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде** | 268,4 | 0,3 | 460,8 | 0,4 |
| ***5 санатты күмәнді*** | 64 | 0,1 | 875,1 | 0,7 |
| **Үмітсіз** | **193,9** | **0,2** | **348,6** | **0,3** |




1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 98,6% құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 37,7%, «БТА Ипотека» АҚ - 48,5%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 12,4%.

**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 29 364,2 млн. теңгеге немесе 29,7 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 128 200,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (60,6 %-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (37,1 %-ға) басым болды.

| Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 01.01.07 | | 01.05.07 | | Өсімі, %-бен Прирост, в % |
|---|---|---|---|---|---|
| | млн. тенге | жиынтығына % -бен в % к итогу | млн. тенге | жиынтығына % -бен в % к итогу | |
| Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар | 27 975,5 | 28,3 | 47 541,1 | 37,1 | 69,9 |
| Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары | 0,0 | 0 | 0,0 | 0 | 0,0 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 67 581,5 | 68,4 | 77 731,3 | 60,6 | 15,0 |
| Басқа кредиторлар | 788,2 | 0,8 | 1 540,6 | 1,2 | 95,5 |
| Басқа міндеттемелер | 2 491,5 | 2,5 | 1 387,9 | 1,1 | -44,3 |
| **Міндеттемелердің барлығы** | **98 836,7** | **100** | **128 200,9** | **100** | 29,7 |

**Кірістілік.** 2007 жылғы 1 мамырдағы ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 1 349,8 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда біршама көп (2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша – 446,8 млн. теңге). Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 7 811,1 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 мамырда – 3 958,4 млн. теңге), шығыстар – 6 461,3 млн. теңге (2006 жылғы 1 мамырда – 3 511,6 млн. теңге) болды.

млн. тенге

| Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен | 01.05.2006 | 01.05.2007 | Өзгеріс (+;-), %-бен |
|---|---|---|---|
| Сыйақы алумен байланысты кірістер | 3 478,3 | 5 753,8 | 65,4 |
| Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар | 1 996,8 | 3 218,8 | 61,2 |
| Сыйақы алумен байланысты емес кірістер | 480,1 | 2 057,3 | в 4,3 раза |
| Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар | 1 514,8 | 3 242,5 | в 2,1 раза |

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (67,6% немесе 5 281,0 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (32,3% немесе 2 087,7 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жыл басынан бастап 2 003,8 млн. теңгеге немесе 7,2%-ға өсіп, 1 мамырдағы жағдай бойынша 29 721,4 млн. теңге болды.